

Егемен Қазақстан

Сағадат Нұрмағамбетов. Сыпайы генерал, шын сардар

Елбасы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қорының қолдауымен, республикалық «Генералдар кеңесі» қоғамдық қорының бастамасымен түсірілген Сағадат Нұрмағамбетовтің өмір өрнегіне салған ізінен сыр тарқататын «Долг. Честь. Отвага» деп аталатын деректі фильмде Сағадат Қожахметұлы жайында пікір білдірген азаматтар «Бауыржан Момышұлы оны «сыпайы генерал» дейтін еді» деп еске алады. Бұл батырдың батырға берген шын бағасы, шынайы сөзі. Ал енді осы күні есімдері ел ішіне аңыз боп тараған қазақтың нар тұлғалы азаматтарының бірін-бірі осылайша бағалап, қолдап-қуаттауы ұрпақтар сабақтастығы үшін зор өнеге болатындықтан, сөзді осыдан бастағанды жөн көрдік.



Сағадат Нұрмағамбетовтің қарамағында жылдар бойы еңбек етіп, шәкірті атанып, қанат қондыра түлеп ұшсақ та, болмысы болаттай берік, мінезі жібектей жұмсақ Сағадат Қожахметұлы жайлы Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлынан асырып сөз айту мүмкін еместей. Сондықтан да «сыпайы генерал» атанған Сағадат ағамыздың шын сардарлық келбетін ашатын кейбір қырларына кеңірек тоқталып, тереңнен толғауға тырысып көрелік.

Бейбіт күнде қолданылған соғыс әдісі

1991 жылдың қазан айында Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылып, Сағадат Нұрмағанбетов оған төраға болып тағайындалды. Содан көп ұзамай Сағадат Қожахметұлы мені Мемлекеттік қорғаныс комитетінің жоғары оқу орындары бөлімі мен әскери бағыттағы емес жоғары оқу орындарындағы әскери кафедралардағы дайындық штабының бастығы лауазымына тағайындап, жауапкершілігі жоғары тапсырмалар жүктеді. Бұл жерде біздің негізгі мақсатымыз ЖОО-дағы әскери кафедралар қызметінің қалпын сақтап, әскери маман даярлау ісін құрдымға жіберіп алмау болатын. Олай дейтін себебіміз, тәуелсіздіктің елең-алаң шағында әскеріміз ұлттық кадрларға өте мұқтаж болды. Сол кезге дейін Қазақстанның қорғаныс саласында еңбек етіп келген өзге ұлт өкілдері өз елдеріне қарай үдере көшіп, олардың орнын басатын лайықты кадрларсыз қалған шағымыз еді бұл кез...

Осындай қиын-қыстау кезеңде еліміздегі тұтас бір күш құрылымының бүлінгелі тұрған бір бөлшегінің бүтін қалпын сақтап қалу жолында азды-көпті еңбек еттік. Сөйтіп қазіргі әріптесім Бақытжан Ертаевты орынбасар етіп тағайындап, белгілі бір деңгейде жұмысы жүйеленген әскери кафедраларда кадр даярлау ісінен шашау шығармай, қызметтің бірізділігін жалғастыра түстік. Әрине Сағадат Қожахметұлы өзі осы салаға келгеннен кейін, ұлттық кадр тапшылығы мәселесін шешу жолында атқарған шаруалары ұшан-теңіз екені сөзсіз. Ол Отан алдындағы перзенттік парызын адал атқарып, Мемлекет басшысының сенімін ақтау үшін әскери қызметтегі ұзақ жылдық мол тәжірибесі мен білім-білігін аямады. Сағадат Қожахметұлының тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі атануы әңгіменің бергі жағы ғана. Оның министр ретінде ел әскерін аяққа тұрғызуда істің көзін таба білуінің бір ұшы – өзі көзбен көріп, куәсі болған сұрапыл соғыс жылдарындағы қысқа мерзімдік оқытып, үйрету әдісінде жатыр десек, қателеспейміз. Сондай-ақ ұлттық кадрлық резерві қалыптаспаған Қазақстан үшін маман даярлау ісінен бұрын қоймадағы қару-жарақты қолды етпей, әскери техникаларды талан-таражға түсірмеу міндеті де тұрды. Ол үшін қайтпек керек? Әрине өтпелі қиындыққа төзе білетін, ерік-жігері мықты, Отанын сүйіп, елін қорғауға ынталы азаматтарды іріктеп, сұрыптап топтастыру қажет еді. Сағадат Қожахметұлы осындай талап үдесінен шыға алатын атпалдай азаматтарды маңына топтастырып, іске білек сыбана кірісті. Қан майданға бозбала боп аттанып, жиырма жасында Кеңес Одағының батыры атанған майдангер министр әскер ісін ұйымдастыруда кіші офицерлер легін дайындап шығаруға басымдық берді. Осы сөзімізге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында офицерлік құрам санатында «кіші лейтенант» шені қолданыста болғаны дәлел. Бұл соғыс жылдарында жауынгерлік құрамның үздіксіз легін қамтамасыз ету әдісі еді десек, С.Нұрмағамбетов тап осы үлгіні бейбітшілік сүйгіш тәуелсіз Қазақстандағы әскери саланың нығаюына сәтті пайдаланып, тиімді реформа жүргізе білді.

Көркем мінез, табанды талаптың иесі

Оның болмысы биязы, көркем мінезді жаратылысы басшылық қызметте жайлы сезілгенімен, табандылығы мен талапшылдығы тастүйін болатын. Ен бойындағы тағы бір ерекшелігі – есте сақтау қабілетінің мықтылығы һәм жады мен жанының жайсаңдығы көп кісінің көңілін мамыражай күйге бөлегенінің талай куәсі болдық.

Қиын-қыстау кезеңдерде Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылып, азды-көпті қиындыққа шыдас бере алмаған бозбалалар да сол уақыттарда аз болмады. Әскер ұстау – қауіпсіздігі мен тыныш ұйқының кепілі десек, оны ұстап тұру ел бюджетіне арзан түспесі бесенеден белгілі. Тәуелсіздігін енді алған жас мемлекет үшін мұндай дәреже, деңгей тіптен қымбатқа шығады. Машақаты көп, мазасыздау осы кезеңде Сағадат Нұрмағамбетовке елдің қорғаныс саласының тізгінін ұстау сеніп тапсырылды. Сұрапыл соғыс пен қан майданды көзбен көрген азаматқа бейбіт күннің мұндай өтпелі кезеңі «бақытты шақтай» көрінсе керек-ті. Алайда оны Сағадат Қожахметұлындай жүрекпен сезініп, жан-тәнімен түсінетін сарбаздар қайда?!

Бейресми статистикаға сүйенсек, тәуелсіздік таңындағы кезеңдерде әскерге шақырылушылар қатарындағы 13 мыңнан астам сарбаз әскери бөлімдерді тастап кеткен көрінеді. Себеп, әскер ұстаудың материалдық қажеттіліктерінен басқа, ондағы әлеуметтік-құқықтық жағдайлардың теңсіздігі, әлімжеттіктің белең алуы сынды жағымсыз көріністер жиі байқала бастады. Осының бәрі де әскер тәрбиесіне жіті көңіл бөлу қажеттігін талап етті. Жағымсыздау әсері болса да, бұл – шындық. Өйткені кезінде қаламы қарымды журналист атанған, бүгінде Мәжіліс депутаты Сауытбек Абдрахманов 2001 жылы жарық көрген «Тәуелсіздік шежіресі» атты кітабының 29-бетінде мынадай үзінді келтіреді.

«1992 жылдың 11 шілдесі. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі С.Нұрмағамбетов республика территориясындағы әскери бөлімдерде әскери міндетін өтеп жатқан жауынгерлерге сөз арнады. Министр «Кеңес Одағының ыдырауына байланысты туындаған аса күрделі сан қырлы процестердің салдарынан» болып жатқан аса ауыр сынақтарға орай: «Барлық әскери қызметшілерден республика Конституциясы мен заңдарына адалдығын сақтауды, тыныштықты, өзара құрметке негізделген қатынастарды қолдауды, халықтардың достығы мен туысқандығын ардақ тұтуды өтінемін. Әскери қызметшілердің ары мен қадір-қасиетіне кір келтірілмесін. Сіздерді әскери борышқа адалдықтарыңыз бен Қазақстан Республикасы көпұлтты халқының алдындағы жауапкершіліктеріңізді сақтауға шақырамын», деп атап өтті. Әдетте бүкіл тыныс-тіршілігі темірдей тәртіпке негізделетін, бұйрықпен жүріп, бұйрықпен тұратын армияның адамдарына министрдің өтініш айтуының өзі сол бір қилы кезеңдерде, егемендіктің елең-алаңында, тәуелсіздіктің тәй-тәй басқан тұсында мемлекет қауіпсіздігіне қатысты қандайлық қиын да күрделі міндеттерді шешуге тура келгенін аңғарта алады...» деп толғап, тасқа басқан екен.

Байқасаңыз, автор сөйлеміндегі темірдей тәртіпті талап ететін әскери сала жетекшісінің сөзі бұйрық райда емес, көңіл қалауына ойысатын өтініш айту сипатына ауысқан. Қалай десек те, мұны Сағадат Қожахметұлының болмыс бітіміндегі адами қасиетін асқақтататын көркем мінезді келбетінің бір ұшқынына баласақ, қателесе қоймаспыз. Өйткені бұл сөйлемнің астарында оның жүрегінің жұмсақтығы, көңілінің пәктігі жасырынып

жатқандай. Осы орайда, оның жанашырлық келбеті мен Отанға деген сүйіспеншілігін сездіретін тағы бір мысал ойға оралады. Сол жылдары әскери әлеуетіміз қалыптасу кезеңінде болса да, тактикалық оқу-жаттығуларымыз ешқашан толастамайтын. Күндіз-түні. Тіпті, жасының жетпісті алқымдап қалғанына қарамай Сарыөзек пен Отарда өтетін далалық оқу-жаттығуларға өзі қатысып, көзбен көріп, қате-кемшіліктер мен жетістіктерді саралап, бағасын беріп жататын. Ол ол ма, Елбасымыздың өзін сондай жиындарға жиі шақырып, әскеріміздің әлеуетін көрсеткен кездері де аз емес. Сондай жаттығулардан соң сарбаздармен тікелей жұмыс істейтін командирлердің басын қосып, Отанды сүю әрбір отбасынан басталатындығын ұзақ баяндайтын. Кеңес әскері бауырмалдық пен достықты ту ету арқылы сұрапыл соғыста жеңіске жеткендігін айтып, әскерилер арасындағы өзара ынтымақтың кең тамыр жаюы керектігін тереңнен түсіндіретін. Осындай үлгілік сипаттағы үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесі болса керек, жоғарыда аталған 13 мыңнан астам «қашқын» сарбаздың 30-ға жуығы ғана қатаң жауапкершілікке тартылыпты. Ал қалғандарына заң аясындағы жазаның жеңіл түрлері қолданылған немесе олармен тәрбие жұмыстары түсіндіру, ұғындыру сипатында жүргізіліп, Отанын сүйген азаматтар легінің қалыптасуына оң ықпал еткен.

Мұның бәрі де Сағадат Қожахметұлының адамгершілік қасиетінің қыр-сыры болғанымен, қарамағындағы қызметкерлерге тапсырма беріп, орындалуын талап еткенде, оның табандылығында шек болмайтын. Осы бір тұста Сағадат ағамыздың зейіні зерек болғандығын да атап өтпеске болмайды. Өйткені ол қызметте жүрген жылдарында да, зейнеткерлікке шыққан кезеңінде де қарамағында қызмет еткен офицерлердің барлығының дерлік аты-жөні мен әкесінің есіміне дейін жатқа біліп, туған күндерінде арнайы қоңырау шалып құттықтап жатуы көптеген кісінің таңданысын тудыратын хәм көңілдерге риясыз қуаныш сыйлайтын еді.

Жүктелген жауапкершілік, ақталған сенім

1992 жылдың наурыз айында Сағадат Қожахметұлы Мемлекет басшысының атына қолдау хат жолдап, мені И.Конев атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищені басқаруды ұсынды. Бұйрық солай болды. Ал енді бес мыңға жуық адамы бар алып ұжымға бар-жоғы қырық жаста жетекшілік ету, маған үлкен жауапкершілік жүктеді. Бұл беделі биік лауазым саналғанымен, міндеті жеті атанға жүк боларлықтай жұмыс еді. Бір училищеге жетекшілік етеміз деп жанығып жүрген мына біздер, Елбасымыз сол тұста тұтас бір мемлекеттің әскер тізгінін С.Нұрмағамбетовке ұстатуы арқылы зор жауапкершілік жүктеп, сенім артқанын жан жүрегіммен сезініп, түйсіндім. Сол себептен де Сағадат Қожахметұлының әркез қасынан табылып, тапсырмаларды тиянақты орындауға тырысып бақтық. Бұл туралы Сағадат Қожахметұлы өзінің бір жазбасында былай дейді:

«Мен 1991 жылы Қорғаныс комитетінің төрағасы болатынмын. Қарулы Күшіміз әлі құрылмаған. Сол кезде осы кадр мәселесі төңірегінде ойлана бастадық. Себебі өзге ұлттың өкілдері өз елдеріне кеткісі келді, оларды ұстап тұра алмайсың. Сол тұста жеке-жеке шаңырақ құрған республикалар өз жеріндегі әскерилерге: «Ант қабылдаңдар. Қабылдасандар, кетіңдер», – деп өз елдерінің антын қабылдатып жатқан-ды. Біз Президентпен кеңесіп, елде қалған әскери қызметкерлердің бетін бері бұрдық.

Осы орайда, жаңадан құрылғалы тұрған Қарулы Күшімізге қажетті мамандарды қайда даярлаймыз деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз қайттік, Ресейдің Бас штабымен республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады. Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицерді әскери академияға, 250-300 офицерді әскери училищеге оқуға қабылдайтын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбі қазіргі кезде генерал шенін алып, жоғары лауазымдарға ие болып отыр. Академияларға оқуға қазақтың офицерлерін іріктеп, елдің мүддесі үшін қызмет етер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды. Егемендіктің алғашқы жылдарында біздің әскери училищеге сол кездегі подполковник А.Тасболатовты бастық етіп тағайындадым. Оған: «Жігіттерді өсіресің және көбіне қазақтың баласын аласың», – деп міндет жүктедім. Қазір онда 95 пайыз қазақ жігіттері оқиды. Әскери училищеге бұрын төрт мамандық болса, қазіргі уақытта соны он бірге жеткіздік. Осының барлығы кадр даярлау мәселесі төңірегінде атқарылған істер еді» деп еске алады.

Осылайша, Сағадат Қожахметұлының жетекшілік етуімен өзінен кейінгі буындағы әскери мамандар өсіп, жетілді. Шын сардардың тәжірибесіне сүйеніп шеберлігін шыңдап, бүгінде С.Нұрмағамбетов секілді биік белестерді бағындырған Мұхтар Алтынбаев, Сейілбек Алтынбеков, Айтқали Исенғұлов, Әлібек Қасымов, Сәбит Тауланов, Бақытжан Ертаев, Алмасбек Абдрахманов, Әлихан Жарболов, Мубарак Орынбеков т.б. сынды бір топ генералдар легі қалыптасты. Олар Отан қорғау ісінде әрқашан да өз анттарына адал болып қала бермек және ұрпақтар сабақтастығы өз жалғасын табатыны да сөзсіз.

С.Нұрмағамбетов тағы бір естелігінде «Еліміздің Қарулы Күштерінің қалыптасу кезеңіндегі бай тарихи оқиғаларды санада жаңғырта отырып, мен 1992 жылдың 8 желтоқсан күнін ерекше еске аламын. Бұл біздің тәуелсіз әскеріміздің қалыптасу шежіресіндегі аса бір маңызды сәт еді. Дәл сол күні өткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері басшылығының жиынында Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев алғаш рет Қарулы Күштердің Жоғары Бас қолбасшысы ретінде бірінші рет сөз сөйлеп, тәуелсіз еліміздің тәуелсіз армиясының даму бағдарламасын нақты және толымды түрде айқындап берген еді. Елбасының осы тарихи сөзінде еліміздің Қарулы Күштерінің саны жағынан ықшам, ұшқыр, жан-жақты дайындықтан өткен білікті және бүгінгі заманның талаптарына толық жауап беретін сипаттамасы айқындалды», – дейді.

Біздің бүгінгі әңгімемізде мірдің оғындай тік сөйлеп, ақиқатын айтар аңыз адам Б.Момышұлынан «сыпайы генерал» деп баға алған, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, тәуелсіз еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы атанған Сағадат Нұрмағамбетов өмірінің кейбір қырларына тоқталдық. Шын сардар туралы әлі талай дүниелер жазылатыны белгілі десек, өнегесін көріп, тәрбиесін алған азамат ретінде ұрпақтар сабақтастығын жалғастыра түсуді шәкірттік борышымызға баладық.

Абай ТАСБОЛАТОВ
Парламент Мәжілісінің депутаты